ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ

БАЯНДАМАНЫ ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАР

МАМЫР 2021

ҚЫСҚАРТУЛАР

ЕДБ	Екінші деңгейдегі банктер
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ОБЦВ (CBDC)	Орталық банктің цифрлық валютасы
ЦТ	Цифрлық теңге
AML (КЖ/ТҚҚІ)	Anti-Money Laundering, кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР	5
1. ЦТ-нің анықтамасы	5
2. ЦТ-ні енгізу мақсаты	7
3. ЦТ-ні пайдалану үшін ынталандыру	9
4. Смарт-келісімшарттар	11
5. Трансшекаралық төлемдер	12
6. ЦТ-ні пайдалану, экожүйе	13
7. Пилоттық жоба	16
8. Тәуекелдер, ЦТ-нің технологиясы	17
9. ЦТ-нің ЕДБ-ге әсері	19
10. ЦТ-нің экономикасы	21
11. ЦТ-нің жобасы	23
12. ЦТ-нің жобасын талқылау	24

Бұрын мәлімделген ашықтық қағидаттарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік органдармен, қаржы нарығының қатысушыларымен, басқа да мүдделі тараптармен «Цифрлық теңге» жобасының алғашқы жария талқылауын өткізді.

Талқылау 2021 жылғы 12 мамырда онлайн форматында өтті. 150-ден астам қатысушы цифрлық теңгенің табиғаты мен оны іске асыру технологиясы мәселелерін, Ұлттық Банктің зерттеуге және пилоттық жобаға деген көзқарасын, сондай-ақ цифрлық теңгені енгізудің әлеуетті пайдасы мен тәуекелдерін талқылады.

Өткен онлайн-кездесудің түйіндемесі және қойылған сұрақтарға толық жауаптар осы құжатта жарияланған. Жақын арада нарықтың мүдделі қатысушыларымен, мемлекеттік органдармен және халықаралық әріптестермен тақырыптық кездесулер өткізу жоспарланып отыр.

Келесі кездесуді өткізу күні мен тіркеу рәсімі жақын арада жарияланатын болады.

ЦТ іргелі түрде әлденемен қамтамасыз етіледі ме?

Цифрлық теңгені (бұдан әрі – ЦТ) тек қана Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) эмиссиялайды және ол дәстүрлі фиаттық теңгемен қатар оның міндеттемесі болып табылады. Басқаша айтқанда, ЦТ-ге деген сенім ҚРҰБ-нің кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі.

Егер ЦТ = теңге болса, онда оны енгізу қажеттілігі неде?

ЦТ-нің басқа фиаттық ақшадан өзгешелігі болып табылатын технологиялық артықшылықтары барлық азаматтар үшін жаңа әлеуетті функционалдық мүмкіндіктерді – жылдам есеп айырысуды жүргізуді, қаражатты басқару мүмкіндігін, коммерциялық банктердің жұмыс кестелеріне байланыстырмай онлайн - және оффлайн-режимдерде C2C, C2B, B2B есеп айырысуды жүзеге асыруды айқындайды.

ЦТ-ні енгізу туралы түпкілікті шешім әлі қабылданбағанын атап өтеміз.

ЦТ-нің жарамдылық мерзімі болады ма?

ЦТ – бұл қолма-қол ақшаның цифрлық көрінісі болып табылатын ұлттық валютаның тағы бір нысаны. ЦТ-ні пайдалану бойынша уақыт шектеулері жоқ.

ЦТ-нің стейблкоиннен, криптовалютадан, электрондық ақшадан айырмашылығы неде? Әлде ЦТ – бұл орталық банктің басқаруындағы стейблкоин бе?

ЦТ – фиаттық ақша, яғни олар нарық қатысушыларының сенімімен қамтамасыз етілген, монетарлық реттеушінің міндеттемесі болып табылады. Бұл заңды төлем құралы, ол барлық жерде қабылданады, айналыс құралы және құнның ыңғайлы өлшемі болып табылады. Басқаша айтқанда, ЦТ ақшаның барлық функцияларын орындайды және табиғаты бойынша ақша құралы болып табылады.

Ал стейблокоиндер мен криптовалюта көбінесе қандай да бір міндеттемемен қамтамасыз етілмеген цифрлық қаржылық активтер ретінде анықталады. Соңғысы ЦТ-мен технологиялық тәсілдердің ұқсастығына қарамастан, ақшаның барлық функциясы - айналыс, жинақтау және төлем құралын орындай алмайды, сонымен қатар құн өлшемі ретінде қызмет ете алмайды. Стейблкоиндер мен криптовалюталарға деген сенім, әдетте, консенсус алгоритмдерімен немесе эмиссиялауды орталықсыздандыруға мүмкіндік беретін басқа да математикалық механикамен қамтамасыз етіледі.

Стейблкоиндер мен криптовалюталарды фиаттық ақшадан өзгеше ететін келесі ерекшелік – бұл желілік әсерлер – әр жаңа пайдаланушымен осы активтерге сенімнің артуы, ол бір уақытта құлдырауы немесе керісінше күшеюі мүмкін.

Бұл тұтынушылар үшін әлеуетті үлкен тәуекелдерге, жоғары құбылмалылыққа әкеледі және криптовалюталардың ақша функцияларын орындауына мүмкіндік бермейді. Оларда азаматтардың мүдделерін қорғауға кепілдік бере алатын орталық банк деңгейінің кепілі жоқ және олардың құны үнемі өзгеріп отырады (бұл ретте стейблкоиндер ауытқуларға аз ұшырайды, өйткені олар фиаттық ақшаға байланысты). Ақыр соңында, стейблкоиндер мен криптовалюталар барлық жерде қолданылатын төлем құралы болып табылмайды.

ЦТ криптовалюталардың мүмкіндіктерін және фиаттық ақшаның функцияларын біріктіреді. Мысалы, смарт-келісімшарттардың қолжетімділігі бойынша, аударымдардың жылдамдығы бойынша ЦТ криптовалюталардың функционалдық мүмкіндіктеріне ие, сондай-ақ фиаттық ақшаның мемлекеттің міндеттемесімен қамтамасыз етілу қасиетіне ие.

ЦТ-нің көбінесе фиаттық ақшаның туынды құралы болып табылатын электрондық ақшадан өзгешелігін түсіну керек. Электрондық ақша төлем өнімі, эмитенттің міндеттемесі болып табылады және де оның эмитенті жеке немесе мемлекеттік ұйым бола алады. Басқаша айтқанда, әр электрондық ақшаға сәйкес әрқашан төлем жүйелерінің дерекқорында есепке алуды қамтамасыз ететін қолма-қол ақшаның не басқа да өтімді қаражаттың белгілі бір көлемі болады. Сондықтан электрондық ақша ақша ретінде емес, көбінесе жазба, ұсыну құқығы ретінде анықталады.

Яғни ЦТ – бұл банктердің ақшасы емес, бірақ банктер олармен қызмет көрсетуге тиіс болады ма?

ҚРҰБ ЦТ-ні эмиссиялайтын болады және ЦТ-ні пайдалану үшін инфрақұрылымды ұсынады, ал түпкілікті төлем және өзге сервистерді ЕДБ-ді қоса алғанда, нарықтың қатысушылары ғана ұсынатын болады.

ЦТ-ні енгізу мақсаты

ЦТ-ні жасау мақсаты жария етілмей қалды. Барлық шығын міндеттерді көрсете отырып, оны толығынан тұжырымдаған жақсы болар еді. Сіздер реттеуші ретінде ЦТ-нің көмегімен қандай жаһандық міндеттерді шешесіздер?

ҚР Ұлттық төлем жүйесін одан әрі дамыту және жаңғырту, жаңа сыртқы сын-қатерлерге бейімдеу жобаның мақсаты болып табылады. ҚРҰБ республикада төлем айналымында барлық қатысушылар қымбат емес, тез орындалатын, қолайлы және қауіпсіз төлемдерге қолжетімділік ала алатындай, Ұлттық төлем жүйесін құрып, дамытуда. ЦТ-нің инфрақұрылымы қаржы нарығына қатысушылар үшін қосымша құрал болады, олар оны пайдалана отырып жаңа инновациялық сервистерді енгізе алады. ЦТ мемлекеттік қызмет көрсетуді дамыту мімкіндігін және экономиканың басқа да салаларын дамыту мүмкіндігін береді, цифрлық төлемдер республиканың барлық өңірлеріне таралуының одан әрі өсуін қамтамасыз етеді және қаржылық қызметтердің қолжетімділігін де арттырады. Келешекте ЦТ-ні енгізу трансшекаралық төлемдерді де арзан және қолайлы ете алады.

Бұл ретте ҚРҰБ тарапынан сипатталған мәселелерді шешу үшін қолданыстағы балама шешімдер міндетті түрде талданылатынын атап өткен жөн. Осы барлық шешімдерді бөлінген тізілім технологиясын қолдана отырып қана алуға болмайтыны да ескеріледі.

Соған қарамастан, бөлінген тізілім технологиясы – қазіргі кездегі құнды шоттар базасында (account-based) емес токенмен (token-based) бірге беру мүмкіндігі бар жүйені құруға мүмкіндік беретін жалғыз технология.

Қазіргі кезде осы технологияның әлеуеті айқындалған, алайда шешім қабылдау үшін дәлелдердің жеткілікті саны жоқ: блокчейн қажет пе не қолданыстағы технология қажет пе. ҚРҰБ мен нарық қатысушыларының рөлі туралы мәселе ашық қалуда. Эмпирикалық деректерді алу үшін пилоттық жоба енгізілетін болады.

ЦТ-ні енгізу қажеттілігі неліктен туындады?

Банктік емес төлем платформаларының жедел дамуы, жеке жобалардың елдің ақша егемендігіне әсер етуінің әлеуетті тәуекелдері, жаһандық пандемия төлем құралдарын цифрландыру қажеттілігін анықтап, әлемнің орталық банктерінің цифрлық егеменді валюталарын шығаруды зерттеу мәселелерінде белсенді болуына негізгі себептер болды. Зерттеушілер ОБЦВ-н теориялық талқылаудан әлем бойынша пилоттық жобаларды іске асыруға тез көшуде. Мәселен, Халықаралық есеп айырысу банкінің пікіртеріміне сәйкес, 2021 жылы пікіртерімге қатысқан 65 орталық банктің 86%-ы ОБЦВ-н зерттеуде. Бұл ретте 60%-ы технологияны эксперименттеу сатысында тұр, 14%-ы пилоттық жобаны іске асыруда.

ЦТ-ні енгізу мақсаты

Мемлекеттік электрондық ақшаны енгізудің дәлелі түрлі елдерде әртүрлі. Сіз Қазақстан үшін негізгі дәлелдерді қалай белгілейтін едіңіз?

Қазақстан да жаһандық пандемия уақытында республиканың барлық өңірлерінде цифрлық төлемдерді таратуды ұлғайтудың күрделі қажеттілігін көріп және қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру аясында цифрлық валютаны зерттеуге тартылған елдердің қатарына қосылды. Сондықтан 2020 жылғы қарашада ҚРҰБ цифрлық валютаны енгізу бойынша зерттеу жобасын іске асыруды бастайтыны туралы жария етті.

ҚРҰБ республикада төлем айналымында барлық қатысушылар қымбат емес, тез орындалатын, қолайлы және қауіпсіз төлемдерге қолжетімділік ала алатындай, Ұлттық төлем жүйесін құрып, дамытуда. ЦТ-нің инфрақұрылымы қаржы нарығына қатысушылар үшін қосымша құрал болады, олар оны пайдалана отырып жаңа инновациялық сервистерді енгізе алады. ЦТ қолма-қол ақшасыз төлемдердің республиканың барлық өңірлеріне таралуын одан әрі өсіруді қамтамасыз етеді және қаржылық қызметтің қолжетімділігін арттырады. Келешекте ЦТ енгізу трансшекаралық төлемдерді де арзан және қолайлы ет алады. ЦТ-ні енгізуден әлеуетті пайда мен тәуекелдерінің толық сипаты толығырақ ҚРҰБ баяндамасында жазылған.

ЦТ-мен транзакция Интернетті талап етпейтіндіктен қана ол аса өтімді болады ма?

ЦТ-нің технологиялық ерекшеліктеріне қарай төлем қасиеті жағынан артықшылықтары болады. Теңгенің жаңа нысаны есеп айырысудың жоғары жылдамдығын, 24/7 қолжетімділікті, іркілістің төмен ықтималдығымен операцияларды ойдағыдай орындауды, оффлайн-төлемді қамтамасыз етеуі мүмкіндігін, яғни желіге қосылусыз төлемді жүргізу мүмкіндігін береді. ЦТ қолма-қол және қолма-қол емес ақшаға айырбастаудың сенімділігін, қауіпсіздігін, қарапайымдылығын және қолайлығын, бір платформадан түрлі банктік шоттарға онлайн-аударымдарды да қамтамасыз етеді. Бір банктің жабық жүйесінің электрондық ақшасымен салыстырғанда басқа цифрлық платформалармен ықпалдастыру мүмкіндігі шығасытары аз транзакцияларды жүзеге асыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Қарапайым пайдаланушы жай ақшадан ЦТ-ге неліктен көшуі тиіс болады? Халық ЦТ-ге көшу үшін қандай да ынталандыратын себептер көзделген бе?

Төлемдердің айқындылығын, арзандауын, жылдамдығын, цифрландыруды, қаржылық қызметтің қолжетімділігін, икемділікті, төлемдерді жүргізу үшін Интернет желісінің қажеттілігі болмауын, яғни 24/7 қолжетімділікті қамтамасыз ететін валютаның функционалдық сипаттары әлеуетті негізгі ынталандыру болады.

Пайдаланушылар өздерінің қалауы бойынша транзакцияларды жүзеге асыру үшін теңгенің қандай да бір нысанын таңдайтынын атап өткен жөн. ЦТ-ні енгізу кезінде қаражатты қолма-қол ақшасыз қаражаттан ЦТ-ге аудару үшін қандай да бір директивті шаралар әзірленбейді. Жинақтау мүмкіндігі тұрғысынан ЦТ-ге пайыз есептелмейтіндіктен ағымдағы шоттардағы қолма-қол ақшасыз қаражат алдында ЦТ-нің артықшылығы (кэшбэк) болмайды.

Пайдаланушылар үшін қандай да бір түбегейлі айырмашылық бар ма? Шартты түрде Каспи қызметін белсенді пайдаланатындар үшін (ЦТ интернетсіз жұмыс істейтінінен басқа)? Халықтың ЦТ пайдалануда мүдделігі қандай?

Пайдаланушыларға банктік шоттардағы ақша мен ЦТ арасындағы негізгі айырмашылық ЦТ-нің технологиялары қамтамасыз ететін жаңа төлем қасиеттерінде болады. Жаңа валюта есеп айырысудың жоғары қарқынын, 24/7 қолжетімділікті, іркілістің төмен ықтималдығымен операцияларды ойдағыдай орындауды, оффлайн-төлемді қамтамасыз етеді (яғни желіге қосылусыз төлемді жүргізу мүмкіндігін береді). ЦТ қолма-қол және қолма-қол емес ақшаға айырбастаудың сенімділігін, қауіпсіздігін, қарапайымдылығын және қолайлығын, бір платформа шеңберінде түрлі банктік шоттарға онлайн-аударымдарды да қамтамасыз етеді. Жекелеген коммерциялық банктердің жабық жүйесінің электрондық ақшасымен салыстырғанда басқа цифрлық платформалармен ықпалдастыру мүмкіндігі шығасытары аз транзакцияларды жүзеге асыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

ҚРҰБ-нің ағымдағы төлем инфрақұрылымынан қандай артықшылықтары бар?

ЦТ-нің жүйесін қолданыстағы төлем инфрақұрылымын ауыстыру ретінде емес жалпы ҚР қаржы жүйесінің сенімділігін арттыру үшін қосымша төлем инфрақұрылымы ретінде жасау болжанады.

4 Смарт-келісімшарттар

Электрондық теңгені енгізу кезінде мысал ретінде дамуына себеп болатын смарт-келісімшарттарға жалпылама тоқтауға бола ма. Әлемнің кез келген жерінде шарттар жасасу тұрғысынан смарт-келісімшарттар мен цифрлық валюта қызықты. Қандай стэкте және қандай смарт-келісімшарттар пайдаланатын болады?

Смарт-келісімшарттар – жалпы алғанда, қандай да бір талаптың орындалуын тексеретін бағдарламалық код. Смарт-келісімшарттар барынша толығырақ келесі талқылауда сипатталады, себебі бұл тақырып жалпы көпшілік үшін нақты мысалдарымен жекелеген пысықтауды талап етеді.

Базалық мысал ретінде Delivery Versus Payment (DvP) келтіруге болады, оның шеңберінде белгіленген қаржы активі үшін ақшалай төлем орын алады. Цифрлық валютаның бөлінген тізілімі мен қаржы активтері арасындағы тікелей ықпалдасуы бизнес-процесті теория жағынан біршама оңтайландыруға және оны “digital by default” өзгертуге мүмкіндік береді.

5 Трансшекаралық төлемдер

Трансшекаралық төлемдер туралы ақпарат қызықтырады. Әлемдегі қандай орталық банкпен трансшекаралық төлемдерді талқылайсыз? Әлемдік тәжірибе зерттелді ме? Трансшекаралық төлемдер бөлігінде біз қандай нарықтарға шыға аламыз? Қандай курс қолданылады? Бұл тұтынушы үшін пайдалы болады ма?

ЦТ-ні енгізу мәселесін жүйелі талдау үшін пилоттық жобаларды іске асырған және жобалары өнеркәсіптік пайдалану сатысында тұрған барлық елдердің әлемдік тәжірибесі зерделенуді. ҚРҰБ үш жұмыс тобының авторландырылған мүшесі болып табылады:

- Әлемнің 40-тан астам орталық банкі кіретін халықаралық есеп айырысу банкінің жұмыс тобы;
- Трансшекаралық төлемдерді автоматтандыру және цифрландыру процестері бойынша халықаралық валюта қорының жұмыс тобы;
- Цифрлық қаржы активтері бойынша халықаралық экономикалық форумының жұмыс тобы.

Қазіргі уақытта халықаралық ұйымдармен белсенді талқылау жүргізілуде. Оған қоса, халықаралық ұйымдар (мәселен, Халықаралық есеп айырысу банкі) ОБЦВ-н зерделеуге/пилоттауға тартылған барлық елдер жобаларының мәртебесі бойынша жаңартылған деректерді жүйелі түрде ұсынады. ҚРҰБ ОБЦВ бойынша барлық зерделеуде. Бүгінгі таңда әлемде жеке цифлық валюта бойынша 48 жоба бар, 18 көтерме валюта бойынша, оның 4-і трансшекаралық төлемдер бойынша.

Осылайша, қазіргі уақытта ОБЦВ көмегімен трансшекаралық төлемдерді ұйымдастырудың 3 нұсқасы қарастырылуда:

- Үйлесімді стандарттарға (мәселен, ұқсас нормативтік негіздер, нарықтық практика, хабарлама форматтары және деректерге қойылатын талаптар) сәйкес келетін ОБЦВ жүйелерінің негізінде.
- Жүйелерді техникалық интерфейстер, жалпы клирингтік механизмдер немесе аралас схемалар арқылы біріктірген кезде ОБЦВ-ның өзара байланысты жүйелері негізінде.
- Бірыңғай көп валюталы төлем жүйесін құру арқылы бірыңғай мультивалюталық ОБЦВ жүйесінің негізінде.

Әр модельдің тұжырымдамалық дизайнында көптеген қауіптер, қиындықтар бар. Әлемдік деңгейде трансшекаралық төлемдерді жүзеге асыру архитектурасының түпкілікті тәсілі мен дизайны әлі анықталған жоқ.

Пилоттық жоба аясында жеке валютаны тестілеу жоспарлануда. Трансшекаралық төлемдер бойынша қазіргі кезеңде әлемдік тәжірибені зерделеу жүріп жатыр, алдағы уақытта осындай жобаларды іске асыру жоспары, басқа орталық банктермен ынтымақтастық жөніндегі ақпарат кеңінен жария етілетін болады.

ЦТ банкаралық аударымы комиссиясыз болады ма және оның эквайрингі болмайды ма?

Болжамалы түрде мұндай ықтималдық бар, бірақ барлық технологиялық бөлшектер пилоттық жобаның нәтижелері мен одан әрі талқылаулар арқылы анықталады.

ЦТ үшін электрондық әмиян қосымшасы ҚРҰБ-нен немесе ЕДБ-ден болады ма?

ҚРҰБ ЦТ-ні пайдалану үшін инфрақұрылымды ұсынады, ал қосымшаларды қоса алғанда, әртүрлі арналар арқылы төлем сервистерінің қолжетімділігін қамтамасыз етумен тек нарық қатысушылары ғана айналысатын болады. Негізін қалаушы технологиялар құрылымының күрделілігіне қарамастан, ЦТ азаматтарға электрондық әмияндар немесе төлем қосымшалары түрінде ыңғайлы төлем интерфейстері арқылы немесе қолданыстағы банк сервистері (онлайн, мобильді банктер) арқылы қолжетімді болады.

ҚРҰБ пайдаланушының жеке әмиянындағы ЦТ-ні пайдалануды тоқтата алады ма?

Жоқ, ЦТ технологиясы бірінші кезекте ҚР заңнамасына сәйкес төлем қызметтер тұтынушыларының құқықтарын толық қорғауды қамтамасыз ететін тиімді және қауіпсіз төлемдерге бағытталған. Бұл кезеңде ЦТ-ні басқару мен бақылауды тек пайдаланушылар жүзеге асырады деп болжанады.

Қандай тұлға қаржы мониторингінің субъектісі ретінде әрекет етеді?

«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес барлық субъектілер қаржы мониторингінің субъектісі болып табылады.

Бюджет шығындарын бақылау мен пайдаланушы деректерінің конфиденциалдылығы арасында қайшылықтар бар. Осыған байланысты, егер транзакциялар қадағаланбаса, төлемнің атаулылығы қалай сақталады деген сұрақ туындайды?

Шынында да, жеке ақпараттың конфиденциалдылығы мен операциялардың қаржылық мониторингі арасындағы теңгерімді сақтау қажет. Бұл тепе-теңдік тиісті архитектуралық шешімдердің комбинациясы арқылы қалыптасатынын атап өткен жөн. Бұл кезеңде пайдаланушы ЦТ инфрақұрылымындағы төлемдердің анонимділігін қамтамасыз ету мақсатында кімге және қандай ақпаратты жариялау керектігін анықтаған кезде «басқарылатын конфиденциалдылық» пайымдалады.

Криптобиржалардағы ЦТ листингі қарастырылған ба? ЦТ-ні криптобиржаларда қолдануға болады ма?

Жоқ, ЦТ криптовалюта болып табылмайды. ҚР-дағы ақшаның барлық түрлері тең бағалы болып табылады. Басқаша айтқанда, 1 ЦТ қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысанда 1 теңгеге баламалы болады.

Финтех-компаниялар өз қызметтерін сату кезінде ЦТ пайдалана ала ма?

ЦТ қолма-қол ақша сияқты төлемдердің барлық түрлерін жүзеге асыру үшін қолжетімді болады.

ЦТ-ні басқа валюталарға айырбастауға болады ма? ЦТ-ні қолма-қол ақшаға (қолма-қол ақшаға жатпайтын) теңгеге айырбастау көзделеді ме? Мұны ЕДБ жүзеге асырады ма?

ҚР-ндағы ақшаның барлық түрлері тең бағалы болып табылады. Басқаша айтқанда, 1 ЦТ қолма-қол ақша және қолма-қол ақшасыз нысанда 1 теңгеге баламалы болады. Төлем айналымының әрбір қатысушысы үшін кез келген сәтте цифрлық нысаннан қолма-қол ақшасыз немесе қолма-қол ақшаға еркін айырбастау мүмкіндігі қолжетімді болады.

ЦТ, сондай-ақ қолма-қол ақша және қолма-қол ақшаға жатпайтын ақша сияқты, басқа валюталарға айырбастау кезінде жеке құн, жеке бағам болмайды, қандай да бір валюталарға тәуелді болмайды. Теңгенің басқа валюталарға қатысты бағамдық құны оның барлық нысандарына : қолма-қол ақша, қолма-қол ақшаға жатпайтын ақшаға және ЦТ-ге қолданылады. ЦТ - қолма-қол ақшаның цифрлық нысаны, ол басқа валютаға айырбастау немесе қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшаға жатпайтын қаражатқа айырбастау кезінде белгілі бір ерекшеліктерге ие болмайды.

ЦТ қор нарықтарында қабылданады ма?

ЦТ қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшаға жатпайтын ақшамен қатар заңды төлем құралы болады, яғни барлық экономикалық агенттер шектеусіз қабылдайды.

Мүмкін стейблокоиндер айналысын заңдастырған дұрыс шығар? Мүмкін жеке төлем лицензиялары бар квазибанктер құру керек болар?

ЦТ-ні тек ҚРҰБ эмиссиялайды және ол оның міндеттемесі болып табылады. ЦТ ҚРҰБ-нің кепілдіктерімен қамтамасыз етіледі. Жеке стейблокоиндер жағдайында қамтамасыз ету белгілі бір пайдаланушылар тобы үшін жеке сектордың міндеттемесімен шектеледі. Бұл өз кезегінде қаржылық және монетарлық тұрақтылық тәуекелдерін тудырады.

Жалпы, квазибанктерді құру ЦТ-нің қолма-қол ақшасыз теңгеге және керісінше ағымына кедергі келтіреді. Осындай ұйымдар туралы келесі кезеңде, негізгі экожүйе қалыптасқан кезден кейін ойлануға болады.

Қарапайым ұялы телефонды пайдаланушылар немесе ұялы телефоны мүлде жоқ адамдар не істейді, өйткені ЦТ пайдалану смартфонның болуын пайымдайды?

Төлемдерді жүргізудің әртүрлі сценарийлерін тестілеу пилоттық жоба шеңберінде жүргізілетін болады. Нәтижесінде қарапайым ұялы телефондарды (смартфондар емес), төлем карточкаларын немесе басқа да төлем құралдарын пайдалану жолдары айқындалуы мүмкін.

ЦТ-ні қолжетімді гаджеттер мен мобильді құрылғылар арқылы, сондай-ақ ағымдағы қолма-қол ақшаға жатпайтын ақша арқылы пайдалануға болады деп болжанады. Бірақ қолма-қол ақшаға жатпайтын қаражатқа қарағанда ЦТ оффлайн режимде де, яғни интернетке қол жеткізусіз: POS-терминалдарды, QR-кодтарды, биометриялық технологияларды және транзакцияларды жүргізудің өзге арналарын қоса алғанда, инфрақұрылымның ағымдағы элементтері арқылы пайдалануға болады.

ҚРҰБ елдегі ақша санын бақылауы тиіс. Бірақ ақша кейде жоғалып кетеді және айналысқа қайта оралмайды. Мәселен: қағаз ақшаны көмуге болады, ал олардың иесі оларды қайда көмгенін ұмытып кетеді. Қағаз ақша сериясы кезең-кезеңімен айналыстан шығып отырады. Тозған немесе айналыстан шыққан банкноттар жаңаларына ауыстырылады және бұл жағдайда мәселелер туындамайды. Бұл процесті цифрлық ақшамен қалай ұйымдастыруға болады? Әзірге бұл жеке жағдай, бірақ 100 жылдан кейін ол мәселеге айналуы мүмкін....

Қазіргі кезеңде 100 жыл ішінде ҚР-ның цифрлық ұлттық валютасымен не болуы мүмкін туралы сөз қозғау ерте.

Сақтау және есептеу үшін ағымдағы шоттың немесе электрондық әмияннның аналогы жасалады да?

ЦТ азаматтарға электрондық әмияндар немесе төлем қосымшалары түріндегі ыңғайлы төлем интерфейстері немесе қолданыстағы банк сервистері (онлайн, мобильді банктер) арқылы қолжетімді болады. Бұл кезеңде ЦТ-ні енгізу мәселесі зерделенеді, ЦТ-нің нақты дизайны анықталған жоқ.

ЦТ-нің пайдаланушыларын қадағалау мүмкін бе?

Жоқ, ЦТ-нің технологиясы бірінші кезекте ҚР заңнамасына сәйкес төлем қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын толық қорғауды қамтамасыз ететін тиімді және қауіпсіз төлемдерге бағытталған. ЦТ инфрақұрылымында төлемдердің анонимділігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті архитектуралық шешімдер көзделетін болады. Алаяқтыққа, ақша қаражатының заңсыз айналымына және заңсыз қызметті қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау үшін азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін тәсілдер пайдаланылатын болады.

Конфиденциалдылықты қорғау жөніндегі жан-жақты технологиялық шешімдер пилоттық жоба кезінде пысықталатын болады.

Пилоттық жоба қашан басталады?

2021 жылдың екінші жартысында.

Пилоттық жобаны құру бюджетке қанша тұрады?

Пилоттық жобаның жұмыс көлемі мен шығыстары нарық қатысушыларымен ынтымақтастықта айқындалатын болады. Осылайша жобаны талқылау нәтижелері бойынша пилоттық жоба шеңберінде сыналатын гипотезалар қалыптасады.

Пилоттық жоба ақша-кредит саясатына және қаржылық тұрақтылыққа әсер ететін әдіснамалық зерттеулерден, операциялық және технологиялық тәуекелдерді бағалауға арналған технологиялық эксперименттен, сондай-ақ қажетті реттеуші тәсілдерді бағалаудан тұратын бірнеше жұмыс блоктарын қамтиды. Пилоттық жоба зерттеу бастамаларына қатысты шешімдер қабылдауда икемділіктің жоғары деңгейінің қажеттілігін болжайтын зерттеу сипатына ие болғандықтан, пилоттық жобаға жұмсалатын бюджетті нақты бағалау мүмкін емес.

Пилоттық жобаға ҚРҰБ-нен бөлек кім қатысады? Коммерциялық банктер қатысуға шақырылады ма? АХҚО қаржытехлаб қатысушылары пилоттық жобаға қатыса ала ма?

ҚРҰБ нарық қатысушыларымен пилоттық жобаны іске асыру бойынша ашық талқылаулар жүргізеді және пилоттық жоба шеңберінде ынтымақтастыққа дайын болады. Барлық ұсыныстар қарастырылады және ескерілетін болады.

Пайыздар есептелмейді деген кезде пилоттық жобаны айтып отырсыз ба? Әлде бұл by design ба?

Цифрлық валютаны зерделеудің қазіргі кезеңінде пайызды есептеу мүмкіндігі қарастырылмайды. Бірақ бұл пилоттық жоба аясында жан-жақты тексеріледі.

Бөлінген блоктар транзакциялардың жоғары жылдамдығына кепілдік бермейді. Егер проблемалар туындаса, олар қалай шешіледі?

Жеке криптовалюталарда консенсус алгоритмінің, яғни әрбір транзакцияны верификациялауды қиындататын майнинг процесінің салдарынан жоғары жылдамдықпен проблема туындайды. ЦТ жағдайында орталықтандырылған эмитент болады. Дегенмен, блокчейн технологиясында шектеулер бар екені анық. Осыған байланысты ЦТ архитектурасына қосымша технологиялық қабаттарды толтырып, біз үшін қажетті параметрлерге басымдық беру қажет болады. Мысалы, жоғары жылдамдық пен қауіпсіздік деңгейінің арасында белгілі бір ымыраға келу керек. Осы мәселелердің барлығы нарық қатысушыларымен және қабылданған шешімдерді жариялаумен бірге талқыланып, пысықталатын болады.

Бөлінген тізілімдер мен технологиялар бөлігінде ЦТ-нің криптовалюталардан айырмашылығы қандай?

Басты айырмашылығы - ЦТ-нің бөлінген тізілімінде эмиссия орталықтандырылған түрде қамтамасыз етіледі, сондай-ақ тізілімге қатысушыларды орталықтандырылған шешіммен авторизациялау жүргізіледі.

Каспиде таяуда болған проблемалар аясында ЦТ жүйесі қалай қорғалады?

Бұл мәселені желінің өзін қорғау және пайдаланушылардың құқықтарын, құпиялылықты қорғау сияқты екі құрамдас бөлікке бөлу қажет. Киберқауіпсіздік тұрғысынан инфрақұрылымды қорғау бойынша барлық түрлі технологиялар қолданылатын болады, оның ішінде кванттық бұзудан қорғаудың ықтимал алгоритмдері (токендерді верификациялау кезінде реверс-инжиниринг болғанда), сондай-ақ бөлінген тізілімге шабуылдың озық элементтері қаралады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды және деректердің конфиденциалдылығын қамтамасыз ету бөлігінде ҚРҰБ-нің базалық міндеті реттеу және технологиялық шаралар кешенінің көмегімен пайдаланушылардың құқықтары мен терроризмге және заңсыз қызметке қарсы іс-қимыл алгоритмдері арасындағы теңгерімді қалыптастыру болып табылады. Базалық қағидатта бірде-бір ұйым, бірде-бір адам транзакциялар дерекқорына қол жеткізе алмайтынын атап өткен жөн. Белгілі бір жағдайларда оларды тексеру қажет болған кезде пайдаланушыға хабарланады және оған өзінің транзакцияларына қол жеткізу рұқсатын беру қажет болады. Кейбір жағдайларда құқық органдарының құзыреті шеңберінде жекелеген тетіктер көзделетін болады. Кез келген жағдайда транзакциялардың белгілі бір деңгейіне дейін төлемдердің жасырын болуына кепілдік берілетін болады, ал одан жоғары жеке адамды верификациялау талап етіледі. Осы кезеңде бұл болжамдар, неғұрлым нақты ерекшеліктер жобаның іске асырылуына қарай айқындалатын болады.

Сондай-ақ ҚРҰБ-нің көріп отырған тәуекелдері мен оларды пысықтау сценарийлері туралы ештеңе айтылмаған...

ЦТ-нің монетарлық және қаржылық тұрақтылыққа ықпалына байланысты киберқауіпсіздік тәуекелдері, деректер конфиденциалдылығының тәуекелдері, макроэкономикалық тәуекелдер сияқты операциялық сипаттағы тәуекелдер бар. Және де тәуекелдер ауқымы жүйенің дизайнына, валютаға қол жеткізу шарттарына, қамтамасыз етуге, ақшаның басқа түрлеріне айырбастау тәсіліне және тағы басқаларға байланысты болады. ҚРҰБ ЦТ-ні енгізу туралы шешім қабылдау кезінде барлық тәуекелдерді ескереді. Мысалы, қазіргі кезеңде қаржылық тұрақтылыққа әсерін ескере отырып, ЦТ дизайнының ықтимал нұсқаларын талдау ЦТ-ні сыйақысыз енгізудің оңтайлылығын анықтады. Мұндай нұсқа ЦТ-нің қаржылық тұрақтылыққа және ҚРҰБ-нің ақша-кредит саясатын іске асыру және жүргізу тетіктеріне ықпалын барынша азайтады. Қалған барлық тәуекелдерге келетін болсақ, бұл жерде барлығы цифрлық валютаның технологиялық инфрақұрылымы дизайнының форматына байланысты. Цифрлық валютаны енгізу тәуекелдеріне қатысты ашық сұрақтарға талдамалық тәсілмен дұрыс жауап беру мүмкін емес, себебі талдау тым көп жорамалдарды қамтиды. Осы міндетті шешудің анағұрлым артықшылықты тәсілі пилоттық жоба шеңберінде ЦТ-ні пайдаланудың әртүрлі сценарийлерін тексеру болып табылады. Киберқауіпсіздікті және транзакциялардың конфиденциалдылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ КЖ/ТҚК тетіктерінің жұмыс істеуі мәселелеріне ерекше назар аударылатын болады. Пилоттық жобаның нәтижелері бойынша, сондай-ақ тиісті халықаралық талқылауларға қатысудың арқасында пайда мен залалды талдай отырып, егжей-тегжейлі қорытынды, бастаманы іске асырудың жол картасы бойынша пайымдау дайындалады.

Технологияның интернетсіз қалай жұмыс істейтіні түсініксіз? Тиісті операция жүргізілгенге дейін тізілімге сұрау салудың болғаны жөн ғой...

Интернет-қосылусыз төлемдерді жүргізудің түрлі сценарийлерін тестілеу пилоттық жоба шеңберінде жүргізіледі. Нәтижелер бойынша оффлайн-төлемдер тетігі анықталатын болады.

Неліктен ҰБ ЕДБ-мен бәсекелестіктің болмайтынына сенімді? Бұл пилоттық жобаларды іске асыратын басқа елдерде бар емес па?

ҚРҰБ-нің көздеген басымдықтарының бірі – бұл бәсекеге қабілетті және инновациялық төлемдер нарығы, онда нарыққа қатысушылар негізгі рөлді атқарады. ҚРҰБ ЦТ-ні пайдалану үшін инфрақұрылымды ұсынады, ал соңғы төлемдерді немесе басқа сервистерді тек нарыққа қатысушылар ғана ұсынатын болады. ҚРҰБ олармен бәсекеге түспейді.

ЕДБ үшін қандай пайдасы бар? Егер % болмаса, ЕДБ бұдан қалай пайда табады?

Қолма–қол ақша – бұл банктердің ақшасы емес, бұл банктердің олармен қызмет көрсетуіне: қаражатты сейфтерге, кассирлерге және инкассациялауға жұмсауына кедергі келтірмейді. Банктер ЦТ-нің қолма-қол ақшасыз нысанға аударылуынан пайда табады. Банк ҰБ қамтамасыз еткен ЦТ-ні алады, ал клиент оның орнына банктің қаржылық міндеттемелерін қолма-қол ақшасыз нысанды алады.

Барлық банктерге және нарықтың басқа қатысушыларына қосымша шығынсыз жаңа қаржылық қызметтерді ұсынуға мүмкіндік беретін жаңа платформа құрылады. Транзакциялық бизнестің рөлі азаяды. Кейбір қолданыстағы банк өнімдері мен қызметтері өзгереді. Мысалы, смарт-келісімшарттар арқылы автоматтандырылады. Сондай-ақ Ұлттық төлем жүйесін цифрландыру банкаралық операцияларды қоса алғанда, төлемдерді барлық деңгейде жүзеге асыру тиімділігін арттырады. Сонымен қатар, талқылаулар және пилоттық жоба шеңберінде ЕДБ-дің нарықтық ынталандыруының қосымша тетіктері – ЦТ арқылы төлемдерді дамытуға қолдау көрсету арқылы пысықталатын болады.

Жобада банктердегі депозиттермен және банктердегі кассалық есеп айырысу операцияларымен бәсекелестіктің болмайтынына қалай кепілдік беріледі?

ЦТ енгізу кезінде қолма-қол ақшасыз қаражатты ЦТ-ге ауыстыру үшін қандай да бір міндеттелген шаралар әзірленбейді. Жинақтау мүмкіндігі тұрғысынан ЦТ ағымдағы шоттардағы қолма-қол ақшасыз қаражаттың (кэшбэктер) жанында басым болмайды, себебі оларға пайыздар есептелмейді. ЦТ өзінің технологиялық ерекшеліктеріне байланысты төлем мүмкіндіктері тұрғысынан артықшылықтарға ие болады. Теңгенің жаңа нысаны есеп айырысудың жоғары жылдамдығын, 24/7 уақыт ішінде қолжетімді болуын, істен шығу ықтималдығы төмен операциялардың сәтті орындалуын, оффлайн-төлемді қамтамасыз етеді, яғни желіге қосылмаса да, төлем жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ЦТ қолма-қол және қолма-қол емес ақшаға айырбастаудың сенімділігін, қауіпсіздігін, қарапайымдылығын және ыңғайлылығын, бір платформадан әртүрлі банктік шоттарға онлайн-аударымдарды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, басқа цифрлық платформалармен бірігу мүмкіндігі бір банктің жабық жүйесінің электрондық ақшасымен салыстырғанда төмен шығындармен транзакцияларды жүзеге асыруға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Ақша жинау тұрғысынан қолма-қол ақшасыз қаражат пен төлем жасау ерекшеліктері тұрғысынан ЦТ-нің айырмашылықтары экономикалық агенттердің теңгенің қандай да бір нысанын неғұрлым тиімді және оңтайлы таңдауында тепе-теңдікті қамтамасыз ететін болады.

ЦТ 24/7/365 берген кезде 9-18 жағдайларында ЕДБ өтімділікті және басқа да пруденциялық нормативтерді қалай басқарады?

Банктерде депозиттерге пайыздарды есептеу, сондай-ақ ұсынылған ЦТ инфрақұрылымында қаржылық қызметтерді дамыту құқығы қалады.

ЕДБ ЦТ-мен байланысты өзгерістерге жүйелі және дәйекті түрде бейімделуі қажет. Сондай-ақ, бизнесті трансформациялау шараларын әзірлеу және іске асыру кезінде ҚРҰБ тарапынан қолдау көрсетілетін болады.

Жалпы бұл мәселе талқылаулар мен пилоттық жоба шеңберінде пысықталатын болады.

ЕДБ-ге өз тарапынан инфрақұрылым жасауы үшін қандай инвестициялар қажет болады?

Валютаның жаңа формасын зерттеудің осы кезеңінде ЦТ–нің экожүйесінің тұжырымдамалық және технологиялық құрамдауыштары – технологиялық архитектура, барлық нарыққа қатысушылардың рөлі, қажетті инвестициялар, интеграцияланған технологиялық шешімдер анықталмаған.

Сіз шотта қалған ақшаға пайыздарды есептеу мүмкіндігін неге қарастырмайсыз? Неге осы мүмкіндікті ақша нарығында ЦТ өтімділігін орналастыру арқылы іске асырмасқа және осы арқылы клиенттерге де, банктерге де ақша табуға мүмкіндік бермеске? Жобаның сәтті болуы үшін оның тартымды жағы болуы керек (әйтпесе екінші e-kzt болады). Халық ЦТ-нің айқын тартымдылығы болмаса белсенді түрде пайдаланбайды және банктер де халықтың мүддесін ескермей, оны дамытуға әуес болмайды.

ҚРҰБ – нің көздеген басымдықтарының бірі – бәсекелес және инновациялық төлемдер нарығы, онда барлық қатысушылар негізгі рөлді атқарады. ҚРҰБ ЦТ-ні пайдалану үшін инфрақұрылымды ұсынады, ал соңғы сервистерді нарыққа қатысушылар ғана ұсынады. ҚРҰБ нарыққа қатысушылармен бәсекеге түспейді, себебі ЦТ–ге пайыздарды есептеу кезінде «цифрлық қашу», яғни ағымдағы шоттардан ЦТ-ге қаражат аудару тәуекелі орын алады, бұл жалпы алғанда банктердің ҚРҰБ-нен ЦТ үшін пайыз алу басымдығынан айтарлықтай асып түседі. ЦТ-ні пайдалану тартымдылығы оффлайн-режимде төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігіне байланысты, сондай-ақ транзакциялардың жоғары жылдамдығына, сенімділігіне, үздіксіздігіне байланысты қамтамасыз етілетін болады. ЦТ-нің эмитентпен қамтамасыз етілуі оның маңызды артықшылығы болып табылады, атап айтқанда, қолма-қол ақшасыз қаражатпен салыстырғанда, ЦТ ҚРҰБ-нің тікелей міндеттемесі болып табылады.

«Цифрлық қашу» тәуекелі қандай? Ақшаның айналысқа тез түсуі қаржы жүйесі үшін жақсы емес пе?

Халықаралық сарапшылар қоғамдастығында «цифрлық қашу» мәселесі талқылануда. Бұл термин коммерциялық банктерден бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен және үлкен көлемде, оның ішінде жаңа валютаның әлеуетті артықшылықтарына байланысты трансшекаралық ағындар түрінде де қаражаттың әкетілуін шамалайды. ЦТ артықшылықтарын екі аспектіде белгілеуге болады: интернетке қосылмастан оффлайн-режимде төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігіне байланысты жоғары өтімділік, сондай-ақ ЕДБ емес, ҚРҰБ активтерімен қамтамасыз етілу. Яғни, ЦТ ҚРҰБ-нің міндеттемесі болып табылады. Жаңа валютаның сипатталған артықшылықтары экономиканың іскерлік циклін өзгертудің кейбір күрделі сценарийлерінде банктік салымдарды жаппай алып қоюға әкелуі мүмкін, өйткені сандық валюта ЕДБ-дегі депозиттерімен салыстырғанда тәуекелі төмен құрал болуы мүмкін.

Транзакцияларды қадағалау, сыбайлас жемқорлықты, көлеңкелі экономиканы азайту және т. б. үшін «таңбаланған» ақша идеясын іске асыру жоспарланып отыр ма?

Техникалық тұрғыдан оны бағдарламалауға болады, бірақ бұл функционал тұжырымдама саласында ғана. Аталған мәселе пысықталатын болады.

ЦТ оффлайн режимде пайдалану кезінде көлеңкелі экономиканың өсуі мүмкін бе, қадағаланбайтын аудармалар – бір жеке тұлғадан екіншісіне жасырын түрде болуы мүмкін бе?

Теориялық тұрғыдан көлеңкелі фактордың болуы мүмкін. Алайда, мұндай қызметті экономикалық тартымсыз ететін бақылау әдістері пысықталуда. Мысалы, жоғары еңбек сыйымдылығына немесе шамалы мөлшеріне байланысты.

ҰБ қамқорлығымен бөлшек сатуға арналған бірде-бір жоба сәтті аяқталған жоқ. НПЦ-2003 (шығындар 1,6 млрд теңге) ақша аяқталғаннан кейін тоқтап қалды, Е-теңге (2011) – әрең жұмыс істеді және өз-өзінен жоқ болды. Неліктен бұл жолы ҚРҰБ шығаратын ЦТ жобасы сәтті болмақ?

Қазіргі уақытта әртүрлі төлемдердің цифрлық инфрақұрылымын қамтамасыз ету бойынша көптеген бастамашыл жобалар жұмыс істеуде. Барлық тараптардың мүдделерін ескере отырып, барынша талап етілетін түпкілікті өнімді алу үшін ҚРҰБ-нің нарық қатысушыларымен тығыз ынтымақтастығы «ЦТ» жобасы жетістігінің қосымша факторы болады. Жобаны іске асыру барысында түпкілікті тұтынушыларды, финтех-компанияларды, ЕДБ-ді, экономиканың басқа салаларындағы компанияларды қоса алғанда, түрлі салаларға қатысушылардың барынша көп саны тартылатын болады.

Неліктен ЦТ-ні ҚРҰБ-нің бұрыннан бар жобаларымен: sunqar жылдам төлемдер жүйесімен (мысалы, ЦТ лимитсіз және комиссиясыз аударымдарын ұсыну) және ҚРҰБ ноталарына инвестициялаудың сол блокчейн-жүйесімен (мүмкін қатысушы ретінде банктердің интеграциясымен) біріктірмеске?

Бұл мәселе әлі талқыланған жоқ. Әзірге кәдімгі төлемдерді жүзеге асырудың тәсілдері зерттелуде, мысалы, азаматтардың дүкендегі тауарларды төлеуі.

Бағдарламаны әзірлеуге бюджеттік ақшаның болжамды шығыстары қандай? АХҚО финтех-компаниялары Бағдарламаны әзірлеуге қатыса ала ма?

Жобаның осы кезеңінде ЦТ-ні енгізу үшін қажетті шығыстардың барлық баптарын тұжырымдау мүмкін емес. Себебі архитектура бойынша көптеген ашық мәселелер бар, мысалы, архитектураның соңғы нұсқасында айқындалатын технологиялық, реттеуші аспектілер бөлігінде. Технологиялық архитектура жобасы пилоттық жобаның, халықаралық және ішкі талқылаулардың, барлық талдамалық жұмыстардың нәтижелері негізінде әзірленетін болады.

Жобаны іске асыру кезінде АХҚО финтех-компаниясын қоса алғанда, нарықтың барлық қатысушыларымен ашық пікірталас өтеді.

Болашақта талқылау бола ма? ҚРҰБ-н қоспағанда, шешім қабылдау басқа қатысушылардың қатысуымен қандай кезеңдерде болады? Немесе пилоттық жобаны талқылау және оны енгізу осымен аяқталады ма? НҚА-да қалай реттеледі?

12 мамырда ҚРҰБ алаңында 2021 жылғы 5 мамырда жарияланған «ЦТ» баяндамасын талқылау үшін алғашқы онлайн-кездесу өтті. Талқылау барысында ЦТ сипаты және оны іске асыру технологиясы, ҚРҰБ-нің зерттеуге және пилоттық жобаға деген көзқарасы, сондай-ақ ЦТ-ні енгізудің әлеуетті пайдасы мен тәуекелдері талқыланды. Пікірталасқа қаржы нарығының және басқа да салалардың, сондай-ақ мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса алғанда, 150-ден астам қатысушы қатысты.

Болашақта нарықтың мүдделі қатысушыларымен, мемлекеттік органдармен және халықаралық серіктестермен тақырыптық кездесулер өткізу жоспарлануда. Жобаны іске асыру бойынша сұрақтар мен ұсыныстарды өтінімде «ЦТ» жобасының ресми бетінде (http://digital-tenge.payfintech.kz/) қалдыруға болады.